

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

*Бастауыш сыныптар арасында өткен
«Білімді ұрпақ – болашақ елдің тірегі» атты
апталықтың қорытынды есебі.*

Бастауыш сынып апталығы 19-ші ақпаннан 23-інші ақпан аралығында болып өтті. Апталық басталмас бұрын апталықтың жоспары құрылып, әдістеме бірлестігінің екінші отырысында талқыланды және бекітілді.

Апталық мынадай жоспарда құрылды:

1. Апталықтың ашылуы
2. Ашық сабақтар
3. Сыныптан тыс іс – шаралар
4. «Жаратылыстану» аудандық ашық сабақ.
5. Апталықтың жабылуы.

Апталықтың бірінші күні ауа райының қолайсыздығына байланысты бастауыш сынып мұғалімдері және мектеп ұжымымен салтанатты түрде ашылды, іс - шаралардың жоспары, апталықтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылып өтті. Апталықтың ашылу барысында ұстаздардың арасында әр түрлі қызықты ойындар жүргізілді.

Дайындаған: Дәбиева Н.С. Сатыбаева Н.Д. Джиенгарина А.М.



19.01

Құрылған жоспарға сай **19.01** күні мұғалімдердің ашық сабақтарына тоқталсақ. Мұғалімдер ауа райына байланысты Зумм платформасымен ашық сабақ жүргізді. Жаңа форматтағы әдіс-тәсілдерін тиімділігіне қарай шебер қолдана білді. Сабақтардың құрылымы блум такonomiaсына сай құрастырылды.

Сабақтарға бастауыш сынып мұғалімдері, мектеп әкімшілігі қатысып, талдау жасалып, жақсы баға берілді. Мұғалімдер сабақ өткізудің түрлі формаларын практика жүзінде танытты.

- ✓ 3 «А» сыныбында жаратылыстану пәнінен сабақ беруші Есмаганбетова Т.С. Сабақтың **тақырыбы:** «Серпімділік күші дегеніміз не?»
- ✓ 4 «Б» сыныбында қазақ тілі пәнінен сабақ беруші Жиенгарина А.М. Сабақтың **тақырыбы:** «Зат есімнің жіктелуі»

20.02 күні бастауыш сыныптар апталығы аясында «Интеллектуалдық сайыс» дүниетану пәнінен ұстаздар арасында қызықты сұрақтар мен тапсырмалар жоспарға сай өткізілді.

Мақсаты: Дүниетану сабағына деген қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілетін дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Дайындаған: Халел М. Ақтайлақ Ж.



Сонымен қатар **20.02** бастауыш сыныптың жас маманы өз білгірлігімен қатар алғырлығының арқасында Зумм платформасымен ашық сабақ жүргізді.

- ✓ 2 «Б» сыныбында қазақ тілі пәнінен сабақ беруші Кабдешова Ж.Н
Сабақтың тақырыбы: «Жалқы есім және жалпы есім»

21.02 күні онкүндік жоспары бойынша жаратылыстану пәнінен "Ғажайып әлем" атты интеллектуалды ойын өткізілді.
Мақсаты: Жаратылыстану пәндерінен өзіндік ерекшеліктерін, қасиеттерін білуге үйрету. Оқушылардың білім деңгейін тексеру, ойынға қабілетін қалыптастыру, сөйлеу мәнеріне үйрету, ойларын бір жүйеге келтіріп өз пікірлерін айта білуіне көмектесу,

Оқушылардың логикалық, танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етті. Ойынның тәрбиелік мәні де болды.

Дайындаған: Туя Д. Амриан Г.А



21.02 күні жоспарға сай аудандық ашық сабақ болып өтті. Атбасар қаласы
✓ 3 «Ә» сыныбы жаратылыстану пәнінен сабақ беруші Ақтайлақ Ж.

Сабақтың тақырыбы: Күн мен түн қалай ауысады?

Сабақ офлайн форматта өтті. Сабақтың өту барысында балалар өте белсенді болды. Оқушыларды үш топқа бөлді. Әр түрлі платформада жұмыс жасады.

Үй тапсырмасын «Eduscarplay» платформасымен қайталады. Ал жаңа сабақты «Wordwall» платформасында анаграмма шешуден бастады. Сабақта тапсырмаларды орындауда «Жұмыртқаны аршы» ойыны, сергіту сәтінде «Диаграмма» ойынын ойнатты. Күннің тәуліктік жолының моделін құрды. Зерттеу жұмысында глобуспен және үстел шамын пайдаланды. Әр тапсырманы оқушылар қызығушылықпен орындады. Оқушылардың ойлау деңгейінің дамуына платформаларды ұтымды пайдалана білді.

✓ 3 «Б» сыныбы қазақ тілі пәнінен сабақ беруші Амрина Г.А

Сабақтың тақырыбы: «Болымды және болымсыз етістік»

22.02 күні жоспарға сай дене шынықтыру пәні бойынша 'Көңілді старт' атты ойындар өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды салауатты өмір салтына баулып, спорттың әр түріне қызығушылықтарын ояту.

Дайындаған: Есмаганбетова Т.С. Кабдешова Ж.Н.



22.02 жоспар бойынша екінші сынып оқушылары алғаш рет ашық сабақтарға қатысып отыр.

✓ 2 «Ә» сынып қазақ тілі пәнінен сабақ беруші Дөкей Т.

Сабақтың тақырыбы: «Жалқы есім және жалпы есім»

23.02 апталықтың соңғы күніне байланысты жоспарға сай:

✓ 4 «А» сыныбы қазақ тілінен сабақ беруші Дәбиева Н.С

Сабақтың тақырыбы: «Есімдік»

Бастауыш апталығының жабылуына сай көркем еңбек және музыка пәндер бойынша «Сыйқырлы қыл қалам мен сиқырлы қыл қаламдар» бойынша көңілді суреттер салынды.

Мақсаты: Қағаз бетіне сүйкей жағу тәсілдерін үйрету. Сурет салуға, ынты-ықыласын, қызығушылығын тудыру. Өте қызықты, әсерлі өтті.

Дайындаған: Ерденова Г.Т. Каппасова М.М



Бұл апталықта бастауыш сынып мұғалімдері оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдана білді, оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттырды, өз шығармашылықтарын шыңдап, педагогикалық шеберліктерін көрсете білді. Оқушылар пән бойынша жақсы білім көрсеткіштерін көрсетті және білімдерін шыңдады. Бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің ерінбей еткен еңбегі, өзара ынтымақтастықпен жұмыс істеуі арқасында келген жетістік деп ойлаймын.

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестік жетекшісі: Дәбиева Н.С.

23.02.2024ж